

Интеллектуалдық қабілеттері, психологиялық тұлғалық ерекшеліктері бойынша құқық қорғау органдарында жұмыс істеуге қабілетсіз тұлғаларды анықтау.

Кандидаттарды зерттеуде әңгімелесудің әдістерін, бақылау мен психологиялық тестілеуді қолдану қажет. Тестілеу бағдарламасы арнайы жасалған психологиялық әдістемелердің жиынтығын қолдануды ұсынады.

Білім беру мекемелеріне талапкерлерді таңдағанда тестілік әдістемелер жиынтығы таңдалды. Олардың құрамында Дж. К. Равеннің, Р.Б. Кеттелдің стандартталған тұлғаны зерттеу әдісі (16-факторлы сұрақнамасы), Л.Н. Собчиктің ММРІ әдісі, М. Люшердің түрлі түсті түт тесті, А.М.Эткиннің субъективтілік бақылау деңгейі және т.б. бар. Тұтастай алғанда аталған тестілер нәтижелері сенімді болды [6]. Бұл бағалаудың сенімділігі психодиагностикалық әдістердің сапасы мен олардың нәтижесін дұрыс интерпретациялауға тікелей тәуелді болады. Сондықтан да бұл жұмысты тек білікті маман ғана жүргізуі тиіс.

1. Романов В.В. Юридическая психология. - М.: Изд-во Юрайт, 2010. – 525 с.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М.: Наука, 2010. – 585 с.
3. Радутная Н.В. Народный судья. Профессиональное мастерство и подготовка. - М.: Просвещение, 1977. – 105 с.
4. Ратинов А.Р. Судебная психология для следователей. - М.: Просвещение, 1967. – 172 с.
5. Кулагин Б.В. Основы профессиональной психодиагностики. - М.: Наука, 1984. – 104 с.
6. Романов В.В., Кроз М.В. Руководство по профессиональному психологическому отбору кандидатов на службу в органы прокуратуры РФ. - М.: Наука, 1994. – 480 с.

В статье рассматривается оценка профессионально-психологических способностей и психологической структуры профессиональных качеств юриста.

The article is devoted to the assessment of professional-psychological abilities and psychological structure of the professional traits of a lawyer.

А.Б. Махамбетова

ЖАС ЖҰБАЙЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

«Жас отбасы» - күрделі және неке-отбасылық институтының тұрақсыз кезеңі болып табылады. Некеге тұрғаннан кейін, жас отбасында алғашқы тұрақтандыру процесі басталады яғни некенің алғашқы кезеңі отбасылық интеграциямен және адаптациямен сипатталады. Интеграция - бұл өз еркімен бірігу, ерлі-зайыптылар әртүрлі отбасылық өмірдің аспектісі бойынша позицияларын, көзқарастарын және пікірлерін сәйкестендіру. Осыған мынандай маңызды сұрақтар жатады: өзара қатынас жасау стилі; материалдық-тұрмыстық, отбасылық бюджет мәселелері; рухани өмір мен демалысты өткізу; интимды өмір, баланы күту және оның туылуы; ата-анамен өзара қатынасы, ерлі-зайыптылардың кәсіпке және қоғамдық іс-әрекетке, қоғамдық құндылықтарға деген қатынасы. Отбасының интеграциясының сәттілігі бейімделусіз өтпейді [1].

«Бейімделу» термині кең мағынада – бұл қоршаған ортаға бейімделу дегенді білдіреді. Бейімделу процесінің екі деңгейі бар, ол биологиялық және психологиялық. Биологиялық - бұл организмнің физикалық ортадағы өзгерістерге, ал психологиялық – бұл адамның тұлға ретінде қоғамның талаптарына бейімделуі. Психологиялық бейімделу - социумның құндылықтары мен нормаларын игеру арқылы жүзеге асады. Оның негізгі көріністеріне адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі яғни қарым-қатынас және белсенді іс-әрекет жатады.

Отбасына бейімделу жоғарыда көрсетілген компоненттерді қосады және отбасылық өмірмен танысу процесінен басталады. Ал, ерлі-зайыптылардың бейімделуі деп отбасылық өмірге немесе күйеуі мен әйелінің бір-біріне бейімделуі процесін атаймыз. Осы кезең күрделі, өйткені жас ерлі-зайыптылардың тұлғасында өзгерістер болады, қажеттілік-мотивациялық сфералары қайта құрылады, жаңа өзіндік сана деңгейі қалыптасады, әлеуметтік ортамен жаңа байланыстар жасауды (қарым-қатынас) қажет етеді.

Е.С. Калымова отбасылық өмірдің алғашқы жылының мәселелері туралы айта отырып былай дейді, «бірлесіп өмір сүрудің алғашқы бір-екі жылында – қарым-қатынастың индивидуалды стереотиптері қалыптасады, құндылықтар жүйесі сәйкестендіріледі». Осы кезеңде келесі міндеттер шешіледі:

- отбасы құрылымының қалыптасуы,
- ерлі-зайыптылардың арасында функциялардың (рөлдердің) бөлінуі,
- жалпы отбасылық құндылықтарды қалыптастыру.

А.Н. Волкова мен Е.И. Трапезникованың ойынша, жас отбасына бала туылғанға дейін кезеңде өзінің отбасылық әдет-ғұрпын құру қиыншылығы, терең танудың нәтижесінен бір-бірінен көңіл қалу тән және отбасылық функцияларды бөлуде, туыскандарымен өзара қатынас жасау, материалдық және экономикалық мәселелерге байланысты конфликт пайда болады. В.П. Левкович пен О.Э. Зуськова бойынша жас отбасында конфликттің пайда болуына ерлі-зайыптылардың некеге дейінгі кезеңде қалыптасқан күтімдері әсер етеді. Жас ерлі-зайыптылар үшін бір-біріне деген жоғары күтімдер тән, ал осы күтімдер ақиқатпен сәйкес келмеген жағдайда конфликттің пайда болуына негіз болады.

Кеңес авторларының (Т.А. Гурко, В.В. Меньшутин, Г. Навайтис) бір қатар зерттеулері бойынша жас отбасына жұбайын идеализациялау тән. Ал басқа мәліметтер бойынша бұл ерекшелік тек қана жас отбасына емес сонымен қатар отбасының дамуының басқа этаптарына да тән.

Некеге тұрған жас адамдар үшін отбасылық өмірді идеализациялау тән. Олар отбасылық өмірден ең алдымен өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктерінің қанағаттануын күтеді.

Бейімделу процесі өзіне келесі компоненттерді қосады:

- ерлі-зайыптылардың тұлғалық ерекшеліктерінің сәйкестілігі;
- әртүрлі өзара әрекеттесу сфераларында күйеуі мен әйелінің қажеттіліктерінің өзара қанағаттануы;
- өзара қатынас жасау стилінің болуы;
- ерлі-зайыптылардың отбасылық құндылықтары мен рөлдік бағдарының сәйкестенуі [2].

Ерлі-зайыптылардың қатынасының сипаты олардың отбасылық құндылықтарымен рөлдік көзқарастарының яғни кім белгілі бір отбасылық сфераны жүзеге асыруының сәйкес келу деңгейіне тәуелді. Отбасылық функциялар тұлғаның санасына ене отырып, отбасылық құндылықтардың бағдары ретінде көрінеді. Құндылықтар иерархиялық шкаланы қалыптастырады. Ерлі-зайыптылар отбасылық құндылықтар шкаласына сәйкес белгілі бір отбасылық функцияны бірініші орынға шығарады. Отбасылық құндылықтардың әртүрлі болуы, ерлі-зайыптылардың рөлдік сәйкес келмеуінің бір себебі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың отбасылық құндылықтарының сәйкес келмеуінің себебі – бұл олардың отбасындағы тәрбие ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Отбасылық құндылықтардың сәйкестігі ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының әр түрлі болуына кепілдік бермейді. Ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының адекваттылығы рөлдік күтімдердің (күйеуімен әйелінің отбасындағы белгілі бір функцияны белсенді түрде орындауға деген бағдары) рөлдік талаптануыға (ерлі-зайыптылардың отбасылық рөлді орындауға деген дайындық) сәйкес келу деңгейіне байланысты.

Рөлдік күтім – бұл ерлі-зайыптылардың отбасылық міндеттерді орындауға деген бағдары (нұсқау), ал рөлдік талаптану бұл әйелі мен күйеуінің отбасылық рөлдерді атқаруға деген жеке дайындығы.

Негізгі отбасылық функцияларды жүзеге асыратын рөлдік бағдар адамда некеге дейінгі кезеңде қалыптасады. 13-17 жастағы оқушыларда отбасылық құндылықтар, рөлдік мінез-құлық моделі туралы көзқарастар қалыптасады. Жастарда болашақ отбасылық өмір туралы көзқарас ата-аналық отбасының әсер етуімен қалыптасады. Анасының рөлдік мінез-құлығы қызының болашақта әйел және ана рөлін орындауға әсер етеді, ал әкенің рөлдік бағдары баласында болашақ отбасылық өмірде жүзеге асыратын рөлдік мінез-құлығын қалыптастырады.

М. Земсканың пікірінше ерлі-зайыптылық бейімделудің бірнеше деңгейі бар:

- отбасындағы мінез-құлық стилін, неке туралы көзқарастарды міндетті түрде анықтау керек емес деп санайтын ерлі-зайыптылар. Осындай адамдарға жаңа мінез-құлық үлгісімен құндылықтар жүйесін шеттету тән. Оларға мынандай тұлғалық қасиеттер тән: басымдылық, ригидтілік, өзімшілдік, эмоционалды сезімтал еместік, авторитарлық. Тұлғаның осындай индивидуалды ерекшеліктері мен бағдары бейімделу процесіне кері әсерін тигізеді;

- өз жұбының мінез-құлық стиліне шыдамдылықпен қарайтын ерлі-зайыптылар. Осындай бейімделу типі бірге өмір сүруге мүмкіндік береді, бірақ тұрақты ерлі-зайыптылық қатынас орнамайды;

- көптеген ерлі-зайыптылар бірге өмір сүру барысында бір-бірінің мінез-құлық стилін қабылдайды; өз жұбайының жеке даралығын мойындай отырып, құндылықтар жүйесін бірдей түсіне бастайды. Бейімделудің осындай түрі адамның тұлғалық ерекшеліктерін мойындауға, өзара сыйластыққа алып келеді;

- кейбір некеде ерлі-зайыптылардың бірі өзінің бұрын қалыптасқан отбасылық көзқарасынан толық бас тартып, өз жұбайының жаңа көзқарасын қабылдайды. Егер де ерлі-зайыптылардың бірі неке-отбасылық қатынасты түсіне отырып өзінің негативті бағдарынан бас тартқан кезде ғана осындай процесс нәтижелі болады.

Ерлі-зайыптылардың бірігіп құндылықтарды іздеуі интеграция үшін де, бейімделу үшін де басты болып табылады. Сондықтан да олар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады. Шынайы бейімделу - бұл басқа адамға сыйластықпен және шыдамдылықпен қарау, өзінің адамдық жетістігіне зиян тигізбей отырып ол адамға пайда алып келу. Бірақ бұл екі ерлі-зайыптыға да тән болу қажет [3].

Жас ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынасының қалыптасу процесі және олардың бір-біріне бейімделуі бірнеше факторларға байланысты.

Жұбының тұлғалық ерекшеліктерін қабылдау және адекватты түсіну. Жас ерлі-зайыптылардың перцептивті ерекшеліктерін зерттеу барысында, олар бір-бірінің тұлғалық ерекшеліктерін объективті түрде бағалайтыны анықталды. Сонымен бірге әйелдерде ер кісіге қарағанда, жұбайларының идеалды және реалды бейнесінің арасында сәйкессіздік байқалады. Тұлғаның идеалды бейнесіне мынандай компоненттер кіреді: адалдылық, шынайылық, күштілік және төзімділік, қайырымдылық. Әйелдердің пікірінше «идеалды» жұбай бұл эмоционалдық – жігерліке, моралдық-адамдық қасиеттерге ие болуы қажет. Күйеуінің реалды және идеалды портреттерінің арасында айырмашылықтар болған кезде әйел күйеуін өз идеалына сәйкес тәрбиелей бастайды, осының нәтижесінде тұлғааралық конфликт пайда болуы мүмкін.

В.А.Сысенко неке-отбасылық бейімделу концепциясын ұсынды. Оның негізін ерлі-зайыптылардың мінез ерекшеліктері және осыдан шығатын олардың бейімделулік мүмкіндіктері құрайды. Автор бейімделу деңгейі бойынша адамдарды төрт топқа бөліп көрсетті:

- жоғары деңгейде бейімделе алатын тұлғалар;
- бейімделу деңгейі орташа;
- бейімделу деңгейі төмен;
- дезадаптацияланған.

Ол жалпы бейімделулік ерекшеліктерге мыналарды жатқызды:

- ынтымақтастыққа деген қабілеттілік;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;

- басқа адамдарды эмоционалды және рационалды түрде түсіну қабілеттілігі;
- өз-өзін бақылау және өз-өзін тану қабілеттілігі;
- жағдайға байланысты адекватты мінез-құлық типін таңдау шеберлігі.

Автордың ойынша осы қабілеттердің дамуы неке-отбасылық бейімделудің сәттілігін анықтайды.

В.А. Сысенко неке-отбасы қатынас сфераларындағы тұлғаның бейімделу құрылымын келесіндей анықтайды:

- физиологиялық бейімделу яғни соның қатарында сексуалды;
- жұбайының мінезіне, темпераментіне бейімделу;
- отбасылық ролдерге, жаңа міндеттерге, құқықтарға, неке одағындағы еңбектің бөлінуіне бейімделу;
- жұбайының өмір стиліне, қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, әдеттеріне бейімделу;
- жұбайының мақсатын және өмірінің мағынасын түсіну, оның негізгі құндылықтарына, «өмірлік философиясына» бейімделу.

Кейбір неке-отбасылық бейімделу сипаттамалары әлеуметтік перцепция зерттеулері бойынша қарастырылады. Осы бағыттың жұмыстарында жас ерлі-зайыптылардың 1,5 - 2 жылға созылған бейімделу кезеңінде тұлғааралық қабылдау ерекшеліктерінде айтарлықтай өзгерістер болатындығы туралы айтылады. Болашақ жарды таңдау бір қатар факторлардың әрекеттесуімен анықталынады, соның ішінде әр адамда болатын болашақ жары туралы иеалды көзқарасты айтуға болады. Иеалды көзқарасты қалыптастыруға әдебиеттер, кино кейіпкерлері, әлеуметтік стереотиптер және референтті топтың идеалы әсер етеді. Жұбайына деген көзқарастың адекваттылығы неке одағында өз зайыбының реалды және күтілетін мінез-құлық арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етеді, ал бұл отбасындағы адаптацияның жүзеге асуы үшін маңызды.

Сонымен неке-отбасылық бейімделу ерлі-зайыптылардың бір-біріне, отбасылық өмірге бейімделу процесі ретінде қарастырылады, осының нәтижесінде тұрақты отбасылық әдет-ғұрып, тұрмыстық, психологиялық рөлдер бөлінеді, бір-бірімен қарым-қатынас жасау стилі т.б пайда болады. Екі әр түрлі «меннің» «біз» бірлігіне бірігуі ерлі-зайыптылардың бірін-бірі танудан және түсінуден басталады. Әрине бұл некеге дейінгі кезеңде басталады. Жастар некеге дейін бір-бірі туралы көп нәрсені біліп үлгерді, бірақ некеге дейінгі «көп» бұл айсбергтің жоғарғы бөлігі ғана. Бір-бірін сүйгендер әдейі немесе еріксіз түрде бір-біріне көбірек ұнау үшін жақсы жақтарын ғана көрсетеді. Ал күнделікті бірігіп өмір сүру ерлі-зайыптылардың тек қана жақсы қасиеттерін емес сонымен бірге негативті жақтарында көрсетеді.

Ерлі-зайыптыларға отбасының басшысы туралы сұрақты шешуге тура келеді. Осы жерде отбасылық рөлдердің бөлінуінің үш типін бөліп көрсетуге болады: авторитарлы; автономды – күйеуімен әйелі рөлдерді бөледі және бір-бірінің әрекетіне араласпауға ұмтылады; демократикалық отбасылық рөлдер теңдей бөлінеді [4].

Американ зерттеушісі К. Крикпатрик үш негізгі отбасылық рөлдерді бөліп көрсетті:

- дәстүрлі рөл осы жерде әйел үй шаруасымен, бала тәрбиелеумен, айналысады; күйеуіне бағынады және оған материалды тәуелді; оның іс-әрекет сферасы шектеледі. Ал ер кісі отбасын қорғап, экономикалық қамтамасыз етеді; отбасында билігін жүргізіп және қадағалап отырады; негізгі шешімдерді қабылдайды; ажырасқан жағдайда отбасын алиментпен қамтамасыз етуі қажет;

- серіктестік рөл әйелден сыртқы сүйкімділікті сақтауды; моралдық қолдауды мен сексуалды қажеттіліктерді қамтамасыз етуді; күйеуімен қызықты рухани қарым-қатынас жасауды талап етеді. Ал ер кісіден әйеліне рыцарлық қатынас жасауды; романтикалық махаббатпен нәзіктікті; әйелін материалдық қамтамасыз етуді; бірлесіп демалысты өткізуді талап етеді;

- партнерлық рөл ерлі-зайыптылардан отбасын бірігіп экономикалық қамтамасыз етуді; баланы тәрбиелеуді екеуі де жауапкер болуын; бірге тұрмыстық сұрақтарды шешуді талап етеді. Жас отбасының топтасуы ерлі-зайыптылардың сәйкестігіне байланысты. Көбінесе оның негізінде әлеуметтік позицияның, психологиялық және антропологиялық процестер мен қасиеттердің

сәйкес келуі жатыр деп түсіндіреді. Сонымен бір адамның басқа адамға сәйкестігі яғни олардың өмірге деген көзқарастарының, құндылықтарының, бағдардың, қызығушылықтарының үндесуі.

Ерлі-зайыптылық сәйкестіктің келесі негізгі түрлерін бөліп шығарады: әлеуметтік, психологиялық, сексуалды және отбасылық-тұрмыстық. Әлеуметтік сәйкестік – бұл дүниетанымның, негізгі құндылық бағыттылығының (идеалдар, сенімдер, қызығушылықтар) ұқсас болуы. Ол өзіне өмірдің мәнін түсінуді, еңбекке, адамға, қоғамға, өзіне деген қатынасты қосады. Әлеуметтік сәйкестікке білім деңгейі, қажеттіліктер құрылымы, тіпті адамның кәсіби іс-әрекеті де әсер етеді. Әлеуметтік сәйкестік жоғарыда көрсетілген компоненттер ұқсас болғанда жүзеге асады. Әлеуметтік сәйкессіздік яғни ерлі-зайыптылардың көзқарастарының, идеалдарының, өмірлік жоспарларының, құндылықтарының әр түрлі болуы отбасының құлауына алып келуі мүмкін. Психологиялық сәйкестікке жұбайлардың мінезі, темпераменті жатады. Отбасылық-тұрмыстық сәйкестік бұл отбасының өмір сүру стиліне, рөлдерді бөлуге деген көзқарастардың ұқсас болуы. Сонымен сәйкестік түрлері өзара байланысты және бірін – бірі толықтырып отырады [5].

Жас отбасының мәселелерін талдау барысында мамандар мынандай қорытындыға келеді: неке құрған жігіттер мен қыздар бірлесіп өмір сүру барысында кездесетін қиыншылықтарға толық дайын емес, ерлі-зайыптылық кемелдену жеткілікті деңгейде дамымаған. М.Земска бойынша физикалық, психикалық және әлеуметтік кемелдену түрлері бар. Физикалық кемелдену адамдарға ана және әке болуға мүмкіндік беретін, организмнің биологиялық даму деңгейі. Осы кемелдену түрлерінің маңыздысы бұл психикалық және әлеуметтік кемелдену болып табылады. Психикалық кемелдену бұл ақыл-ой мен эмоционалдық деңгейдің дамуы, адамның басқалар үшін жауапкершілікті алу қабілеттілігі. Психикалық кемелденудің көрсеткіші жетілген махаббат сезімі болып табылады.

Қорытындылай келе, отбасылық өмірге бейімделу, қарым-қатынас ерекшеліктеріне тәуелді болады, яғни қарым-қатынас деңгейі төмендеген сайын жұптар арасындағы конфликттік жоғарылап, бейімделу деңгейіне теріс әсер етеді.

1. Шнейдер Д.Б. Психология семейных отношений. – М.: Апрель-Пресс, 2000. – 236 с.

2. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В.В. Психология и психотерапия семьи. – СПб: Питер, 2000. – 112 с.

3. Гребенников И.В. Основы семейной жизни. - М.: Просвещение, 1991. – 158 с.

4. Мацковский М.С. Социология семьи. Проблемы теории, методологии и методики. - М.: Наука, 1989. - 111 с.

5. Андреева Т.В. Семейная психология. – СПб.: Речь, 2005. – 96 с.

В статье рассматриваются психологические особенности адаптации, причины возникновения кризисного периода и способы преодоления первых трудностей.

The article discusses the psychological characteristics of adaptation, the causes of the crisis period and the ways to overcome the first difficulties.

*Г.Ж. Жанабекова,
Ф.С. Ташимова*

ЭТНОПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЭТНОСТЫҚ БІРДЕЙЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Этнопсихологиядағы тұлғаның этностық бірдейлік мәселесі кеңес уақытынан кейінгі кезде кеңес өкіметінің құлауымен, тәуелсіз және өркениетті мемлекеттердің пайда болуымен, этносаралық шиеленістердің өсуімен байланысты ерекше өзекті тақырыпқа ие болды, ал қазіргі уақытта ол өзіне сай әлеуметтік мәртебе алып, қоғамның дамуына, бірігуіне септігін тигізетін ұлттық идеяларды іздеу барысында көрініп отыр. Қазіргі заманғы шетел, отандық